

2012 жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Сарыағаш ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 2011 жылғы 25 қарашадағы N 78 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 8 желтоқсанда N 14-11-177 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 2402 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2012.08.08 № 2402 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. 2012 жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Сарыағаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу 2012 жылдың қаңтар-наурызында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қала, поселке, ауыл және ауылдық округтердің әкімдері Сарыағаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу кезеңінде шақырылушыларды хабардар етуді ұйымдастырсын және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. Меншік нысандарына қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындары басшыларына ұсынылсын:

1) тіркелуге жататын азаматтарды ауданның шақыру учаскесіне шақыру жөнінде хабарлау және шақыру бойынша уақытында келуін қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) босату.

4. «Сарыағаш аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері мен «Абай» Сарыағаш аудандық емханасы»

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігеріне (келісімдері бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережелерінде айқындалған тәртіппен медициналық комиссиядан өткізу ұ с ы н ы л с ы н .

5. Сарыағаш ауданының ішкі істер басқармасының бастығына (келісім бойынша) 2012 жылдың 1 сәуірінен кейін дәлелді себептерсіз әскери есепке қоюдан жалтарған әскерге шақыру жасына дейінгілерді іздестіруді және ұстауды жүзеге а с ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. П а р м а н о в қ а жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Ж.Әлсеитов

КЕЛІСІЛДІ:

Сарыағаш қаласының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы
_____ Байкараев Сейтқасым Жарылқасымұлы

«25» 11. 2011 жыл

Сарыағаш ауданының ішкі істер
басқармасының бастығы
_____ Айтбеков Сакен Әбілдәұлы

«25» 11. 2011 жыл

«Сарыағаш аудандық емханасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері
_____ Усипбеков Сыдық Сапарбекұлы

«25» 11. 2011 жыл

«Абай» Сарыағаш аудандық емханасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері
_____ Шекарбеков Амантай

«25» 11. 2011 жыл